

22 ШІЛДЕ,
2025 ЖЫЛ,
СЕЙСЕНБІ
№78 (23 547)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

«Адал азамат» алға жетелейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа ұрпаққа бағытталған ұлттық тәрбие тұжырымдамасы – «Адал азамат» бағдарламасына ерекше мән береді. Оны елдің рухани және қоғамдық дамуының негізі ретінде қарастырды. Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанды» құру үшін әрбір азаматтың адал болуы қажет екенін атап өтті. Оның айтуынша, адалдық пен әділдік егіз ұғымдар. Президент осылайша жастарды отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, әділдікке шақырды. Ол «Адал азамат» тұжырымдамасы Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатынын айтып, әрбір азаматтың бойында отаншылдық, білімпаздық, еңбекқорлық, тәртіптілік, адалдық, әділдік, үнемшілдік және жанашырлық сияқты қасиеттер болуы тиіс екенін жеткізді. Иә, «Адал азамат» бағдарламасы арқылы жаңа қоғамдық этика қалыптастыру көзделген.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Азаматтық жауапкершілік пен адалдық

Жаңа оқу жылынан бастап, еліміздегі барлық білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

Бұл – бұрын жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы, бірақ, мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысының «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» идеялогиялық қағидасымен үндестірілген.

Тұжырымдаманың негізгі өзегі – азаматтық жауапкершілік пен адалдық. Бағдарламаның үйлестірушісі Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА мәліметінше, Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен ресми түрде жаңа атауы бекітілген. Оның мақсаты – адал, еңбекқор, елжанды азаматтар тәрбиелеу. Тәрбие жүйесі жалпыұлттық



құндылықтарға негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы байланысты нығайтуға бағытталады. Бағдарлама 77 нақты кадамнан тұратын іс-шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет пен қоғам үшін сенімді тұлға қалыптастыру негіз болған бағдарлама аясында ата-аналарға арналған педагогикалық колдау көрсету орталықтары құрылған. Отбасылық тәрбие мен мектептің өзара бірлескен жұмысын нығайтуға бағытталған орталықтарға 1,4 миллионнан астам ата-ана тіркеліп, 108 мыңнан астам дәріске қатысқан.

Айта кетерлігі, алғаш рет бағдарлама жекеменшік мектептер үшін де міндетті болмақ. Бұл тәрбие жұмысының ел көлемінде бірізді стандартпен жүргізілуіне және барлық оқушылар үшін тең орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Брендбук әзірленеді

Бағдарлама аясында барлық мектептер үшін бірыңғай визуалды стандарт – брендбук әзірленетіні оқушыларға ыңғайлы. Осылайша мектептің ішкі және сыртқы келбеті ұлттық тәрбиелік құндылықтар мен мәдениетті бейнелейтін ортаға айналады.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда барлық тараптардың өзара бірлесе қызмет атқаруына ерекше көңіл бөлінеді. Мектептердегі тәрбие ісі мемлекеттік органдармен, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат саласындағы құрылымдармен тығыз жүргізіледі.

Ай сайын белгіленген тақырыптар сабақ пен сыныптан тыс іс-шараларды бір-бірімен сабақтастырады. Мысалы: әділдік, еңбекқорлық, патриотизм сынды құндылықтар оқу процесінің өзегіне айналмақ. Осы бағытта мектеп өміріне «Өнегелі 15 минут», күй әуенімен қоны-

рау соғу, ұлттық ойындар секілді жаңа форматтар енгізіледі. Сонымен қатар, оқушының мектеп қабырғасынан тыс өмірлік тәжірибесін байытуға да ерекше көңіл бөлінеді.

Кітап оқу мәдениеті дамиды

Тәрбие бағдарламасында, сондай-ақ, кітап оқу мәдениетін дамыту ерекше ескерілген. Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Балалар кітапханасы» жобасы іске қосылған.

► 3-бет

• РЕСМИ

Зейнетақы мөлшерінде өзгерістер

Ведомство мәліметінше, жыл басынан бері республикалық бюджеттен 2 триллион 98,6 миллиард теңге сомасына зейнетақы төленген, оның ішінде, базалық зейнетақы төлеуге – 678,7 миллиард теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге – 1 триллион 419,9 миллиард теңге қарастырылған. Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша, зейнеткерлер саны – 2 миллион 489 мың адам.

«2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 143 529 теңге болды, оның ішінде, ынтымақты зейнетақы мөлшері – 95 912 теңге, базалық зейнетақы – 47 617 теңге», – делінген хабарламада.

Айта кетейік, биыл 1 қаңтарда базалық зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 6,5 пайызға, ынтымақты зейнетақы 8,5 пайызға, яғни, инфляция деңгейінен 2 пайызға оза отырып ұлғайтылған.

Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақыны ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызына дейін, ең жоғары – 120 пайызға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асырылады.

Өз тілшімізден

• БӘРЕКЕЛДІ!

Тамсандырған Қарқаралы қымызы

Жылқы – мінсең көлігің, жесең – азығың, шөлдесең – сусының. Кең-байтақ ата жұртымызды көз алартқан жаудан сақтаған баһадүр бабалардың қанаты болған да осы – жылқы. Кейінгі жылдары еліміз осы жылқы малының қадір-қасиетін арттыруға ден қойып келеді. Елімізде тұңғыш рет ұлттық сусын – қымыз ұлықталған «BaiQymyz – бапталған қымыз» атты гастрофестивалінің өтуі – сөзімізге дәлел. Фестивальге еліміздің түпкір-түпкірінен қатысушылар келіп, «Ең үздік қымыз» байқауына қатысты. Ел назары елордада болды. 70 мыңнан астам халық қатысқан фестивальде Қарқаралы ауданынан барған «Қарқаралы қымызы» екінші орын алып, 15 млн теңге қаржылай сыйақы еншіледі.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстандықтарды ғана емес, шетелдік туристерді де қызықтырған гастрофестиваль Астананың іргесіндегі «Қазанат» ипподромында өтті. Ұйымдастырушылардың дерегіне сүйенсек, алғашқы күні шараға 40 мыңнан астам мейман келіпті. Фестивальге қатысушылар тарапынан жалпы саны 16 тонна қымыз әкелінген.

«Ең үздік қымыз» байқауында тағамтану мамандарынан құралған қазылар ең дәмді, бабымен ұсталған қымызды анықтады. Ең бастысы – халықтың таңдауына басымдық берілді. Фестивальге келген жұрт дауыс беру арқылы ең дәмді қымызды анықтады.

Аймағымыздан Қарқаралы ауданына қарасты Тегішілдік ауылдық округіндегі «Қарыншы» шаруа қожалығы барған еді. Қожалық иесі – Төлеген Қайырбекұлы. Көшті әулеттің әкесі 79 жастағы Қайырбек Қыдыралин ақсақал бастаған. Фестивальге 900 литр қымыз апарыпты. «Қарқаралы қымызын» халықтың ұнатқаны соншалық, 1 литр де қымыз қалмапты. Қымыздан бөлек, «Халық дәм татсын!» деп жылқы мен қой-

дың етін асқан. Бауырсақ, сарымай мен балқаймақ та дастарханға қойылған. Ақсақалдың сөзінше, фестиваль кезінде қымызын қайта айналып келіп ішкендердің қарасы көп болыпты. Тіпті, сат деп жалынғандар да табылған. Қазылар алқасы да бір ауыздан ұнатып, жоғары баға беріпті. Ал, сайлау нәтижесі бойынша «Қарқаралы қымызы» 2 090 дауыс жинаған.

Қайырбек Қыдыралин қымыз баптауға жан-тәнімізді саламыз деп отыр. «Өйткені, қымыз – кең-байтақты жайлаған көшпелі жұртты небір дерттен сақтаған, бойға қуат, ойға шуақ берген кастерлі де қасиетті сусын» дейді.

– Жылқы – қазақтың жаны. Жеріміз де жылқының арқасында сақталды. Ең бір маңызды қасиетінің бірі – қымыз. Қымыз – мың да бір дертке ем. Жылқының сүтінде денге қуат болатын барлық дәрумен бар. Мәселен, күбіге тобылғыны ұстайды. Тобылғының майын баланың жазылмайтын жарасына жақсаң, келесі күні жазылып кетеді. Әлгі майдың емдік қасиеті өте керемет. Қазақ соны әуелден білген. Сол майды қымызға сіңіреді. Тобылғыға бабымен ұсталған қымызды ішсеңіз, ағадағы виру-



старды өлтіреді. Асқазандағы жараға да таптырмас ем. Қымызды ішкен қазақ көп ауырмаған. Денсаулығы мықты болғаны сонша, әр үйде 10-15 бала болған. Жалпы айтқанда, қымызбен күшейген денсаулықтың арқасында ауырмай-сырмамай, ұрпақты көбейтіп, қазақ өзінің ұлысын сақтап қалған, – деді Қайырбек Қыдыралин.

Шаруа қожалығы 1997 жылы құрылған. Бұл күнде қожалық иелігінде 1 500 жылқы бар. Соның 30-ға жуығы сауын бие. Күніне 150-200 литр сүт алады екен.

Аудан орталығы Қарқаралыда «Қарыншы» шаруа қожалығының 2 дүкені бар. Екеуінде де қымыз сатылады. Қайырбек Қыдыралиннің сөзінше, қымызды Қарқаралы тұрғындарынан бөлек, табиғаты сұлу өлкеге келген туристер де іздеп жүріп сатып алады.

«Ең үздік қымыз» байқауында бірінші орынды Абай облысынан келген Саржал ауылы, үшінші орынды Ақмола облысы иеленді. Бірінші орынға 20 млн теңге, ал, үшінші орынға 10 млн теңге берілді.

Сурет ұйымдастырушылардан

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 621.07

•USD/KZT 533.51

•RUB/KZT 6.78

•CNY/KZT 74.34

Қазақстан Ұлттық Банкінің
21 шілде, 2025 жылғы дерегі бойынша

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Рух нышанына айналған күн

Теміртаудың орталық алаңында өткен салтанатты концертке он мыңдаған тұрғын жиналып, қала шынайы мереке рухына бөленді. Қала жұртшылығы Qazmet компаниясының еңбеккор металлургтерімен бірге бұл кештің қуанышына ортақтасты. Теміртау мен Балқаш үшін Металлург күні – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қажырлы еңбектің, табандылық пен рухтың символына айналған ерекше күн. Қос қала – еліміздің ауыр өнеркәсібінің жүрегі саналады.



Сурет шпак дереккөзінен

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл күн көптен бері кәсіби мейрам ғана емес, шынайы халықтық мерекеге айналды. Теміртауда талай отбасының өмірі металлургиямен тығыз байланысты. Сіздер – осы қаланың жүрегі, ал, сіздердің ерен еңбектеріңіз – трактіліктің тірегі. Теміртаудың өндірістік қуаты мен рухын сақтап тұрған – сіздер, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өзінің құттықтау сөзінде.

Кәсіби мерекемен металлургтерді Ресейдің еңбек сіңірген әртісі Леонид Агутин, отандық эстрада жұлдыздары V \$ X V PRiNCE, Dequine, Алан Черкасов, RaiM және bELLUCCI хип-хоп дуэті құттықтап, көрермендерге ең үздік әндерін арнап, әсерге толы кеш сыйлады.

Дәстүрге сай, кәсіби мереке қарсаңында Qazmet компаниясында металлургтердің Құрмет тактасы жаңартылды. Құрмет тактасына өз ісіне адал, жыл бойы үздік нәтижелерімен ерекшеленген металлургтердің суреттері ілінді. Металлургтер күніне орай Temirtau Run 2025 атты кешкі жүгіру мен салалық спартакиада ұйымдастырылып, қалада нағыз мерекелік серпін сезілді. Бұл бастамаға жүздеген адам қатысып, металлургия саласының дамуына аянбай үлес қосып жүрген мамандарға

деген алғысын білдірді. Спорт пен бірлікке негізделген атаулы шаралар кәсіби мейрамның шеңберінен шығып, тұтас қоғамның еңбекке деген құрметін айқын көрсетті.

Балқаш қаласында да Металлург күні жоғары деңгейде аталып өтті. Kazakhmys Smelting компаниясының қолдауымен өткен салтанатты концерт тұрғындарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Кеш қонақтарының қатарында қазақстандық танымал әртістер – ADAM, Болат Құсаинов және көрерменнің сүйікті әзілкеші Данияр Жұмаділов өнер көрсетіп, мерекелік кешті ерекше шырайға бөледі. Кештің басты ерекшелігі – сахнаға көтерілген балқаштық металлургтердің өз кәсібіне деген мақтанышпен шырқалған гимні болды. Бұл сәт көпшіліктің көңілінен шығып, ұзақ есінде қалары сөзсіз.

Мерекелік шаралар тек ересектермен шектелмей, жас буынды да қамтыды. Мәселен, «Жастар» саябағында балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылып, балдырғандар үшін нағыз ертегі әлемі құрылды. Аниматорлар мен алып қуыршақ кейіпкерлер кішкентай көрермендерді шаттыққа бөледі.

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Сарбаздарға – білім сертификаты

Нұра ауданының қорғаныс істері бөлімі ғимаратында салтанатты іс-шара өтті. Өңірдің екі азаматына еліміздің жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беретін білім алу грантының сертификаттары табысталды. Олар – мерзімді әскери қызметін абыроймен өтеп, жақсы жетістіктерімен ерекшеленген жас сарбаздар.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сертификат иегерінің бірі – Құлантөпес ауылының тумасы, 2004 жылы дүниеге келген Дамир Сәдуақасов. Ол әскери қызметін Отар қаласындағы 75263 әскери бөлімде өтеген. Дамир Семей қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы университетте «Электроника және энергетика» мамандығы бойынша білім алуға мүмкіндік беретін грант сертификатына ие болды.

Екінші сертификат иегері – 2003 жылы туған Вадим Клименко. Қайнар ауылының тұрғыны. Ол Қонаев қаласындағы 32363 әскери бөлімде қызмет атқарған екен. Вадимге Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Көлік техникасы және технологиясы» мамандығы бойынша білім алу мүмкіндігін беретін

грант сертификаты табысталды. Сертификаттарды аудан әкімі Бақытжан Мұқанов дербес табыстап, жастарға алдағы оқу жолында сәттілік пен жоғары жетістіктер тіледі. Сонымен қатар, бұл әлеуметтік қолдаудың жастар үшін ерекше маңыздылығын атап өтіп, аталған бағдарлама жас сарбаздарды әскери қызметке ынталандыруға, азаматтық борышын лайықты өтеуге және өмірден лайықты орнын табуға бағытталғанын жеткізді. Жақсы бастама – жас буынның бейбіт өмірге бейімделуіне, кәсіби дағдыларын дамытуға болашақтағы мансап жолына қолдау көрсетуге арналған маңызды қадам.

Айта кететін жағдай, сертификаттар 2 жыл бойында жарамды. Осы мерзім аралығында сертификат иелері жоғары оқу орындарына құжаттарын тапсыруы тиіс.

Өңір экономикасына серпін

Биыл облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында өсім бар. Оң динамика Абай, Қарқаралы және Бұқар жырау аудандарының ірі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ет өндіру көлемін ұлғайту есебінен жүзеге асты. Алдағы уақытта жаңа сүт-тауар фермаларын пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл жайлы облыс әкімдігінде өткен аппарат жиынында айтылды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үнемі назарда екенін айтты. Мекеме басшыларына аймақты одан әрі дамыту және тұрғындардың әлауқатын жақсарту жөнінде бірқатар тапсырма берді. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Ашкенов мәлім етті.

– Жартыжылдықтағы инвестициялар өткен жылғы деңгейден асып түсті. Қаңтар-маусым айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 101,8 млрд теңгеге құрады. Ет өндірісі 6%-ға (44 мың тонна) артты. Сондай-ақ, сүт өндірісі 2,1%-ға (102,6 мың тонна) ұлғайды. Осыны негізге алып, соңғы 6 айдағы инвестициялар 31,4 млрд теңгеге жеткенін байқауға болады. Оның ішінде, ауыл шаруашылығына – 26,7 млрд теңге, тамақ өнеркәсібіне – 4,7 млрд теңге, – деді Дулат Ашкенов. Сонымен бірге құрылыс жұмыстары көлемінен де өсім



Сурет шпак дереккөзінен

байқалғаны белгілі болды. Оң динамикаға қарамастан, өткен жылдағы жол құрылысына қатысты инвестициялардың қысқаруына байланысты жылдық жоспарды орындау бойынша тәуекелдер сақталуда. Дегенмен, өсудің негізгі драйверлері ірі инфрақұрылымдық жобалар болып қала береді. Соның ішінде, теміржол, коммерциялық тұрғын үй, мектептер мен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салу жалғасады. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы жүйелері мен медициналық мекемелерді жаңғырту жұмыстары да жыл бойы облыс әкімінің бақылауында.

Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы мамандарының айтуынша, биылға тұрғын үйді іске қосу жоспары 545 мың шаршы метрді құрайды.

Жанартылған кестенің арқасында қыркүйекке қарай жылдық жоспар толық орындалуы тиіс. Яғни, желтоқсан айының соңына дейін нақты нәтиже мен көрсеткішке қол жеткізу күтілуде.

Бұл орайда Қарағанды қаласы бойынша әлеуметтік-экономиканы дамытуда оң үрдіс бар. Коммерциялық тұрғын үйді салу және жалғасып жатқан инвестициялық жобаларды жүзеге асыру есебінен жыл соңына дейін құрылыс жұмыстарының көлемін арттыру жоспарланған.

– Бүгінгі таңда 11 тұрғын үй кешені бойынша 148 мың шаршы метрді енгізу жоспарлануда. Бұл көрсеткішті 329 мың шаршы метрге дейін немесе 4,3%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Жыл қорытындысы бойынша 441 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Бұл өткен жылғыдан

2%-ға жоғары. Қалада барлығы 7 мың отбасын жаңа тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда, – дейді Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов.

Аймақ басшысы облыстық басқармалар, қалалар мен аудандар әкімдеріне облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының жоспарланған көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етуді жүктеді.

– Өнеркәсіп өнімін өсіру және инвестицияларды тарту жөніндегі жұмысты жандандыру қажет. Экономика басқармасы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу жұмысын жалғастырсын. Облыс әкімі орынбасарлары күзіретіне сай, жауапты салалардың бекітілген индикаторларға қол жеткізуін бақылауда ұстасын, – деп атап өтті аймақ басшысы.

• САҚТАНСаң, САҚТАЙДЫ

Апаттың алдын алып, ауыздықтайды

Облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің баспасөз қызметінің өкілдері хабарлағандай, жыл басынан бері Абай ауданында техногендік сипаттағы 44 өрт оқиғасы орын алып, өкінішке қарай, соның салдарынан 4 адам жарақаттанып, 2 адам қаза тапқан.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Яғни, 2025 жылдың 1 қаңтарында Абай қаласының Шерубай батыр көшесіндегі бес қабатты үйдің төртінші қабатында орналасқан пәтерде 30 шаршы метр аумақтың есік-терезелері, тұрмыстық заттар мен жиһаздар от құшағына оранған. Дәлізден жансыз жатқан үй иесінің денесі табылды. Осы пәтердің асханасынан шыққан өртке сөндірілмеген темекі себеп болған. Ал, 22 қаңтарда Вольный ауылының Степная көшесінде 15 шаршы метр аумақта жеке тұрған үйдің төбе шатыры мен едені, есік жақтаулары, тұрмыстық заттар өртенген. Өрт орнынан 1970 жылы туған ер адамның мәйіті табылды. Оның шығу себебі – пешті жылыту кезінде өрт қауіпсіздігі

талаптарын сақтамау.

Міне, осындай апатты оқиғалар мен қайғылы жағдайларды болдырмас үшін, халық арасында өрт қауіпсіздігі деңгейін арттыру мақсатында Абай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуде. Оның басым бағыттарының бірі жеке сектор мен саяжай алаптарының иелерімен түсіндіру жұмыстарын өткізу болып отыр. Соған байланысты, аталған бөлім қызметкерлері үй-үйді аралап, тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша нұсқамалар өткізіп, жадынамалар таратып, автономды өрт хабарлағыштарын орнату және оларға техникалық қызмет көрсету қажеттігін еске салуда.

Бұл орайда өрт қауіпті нысандарға – автожанармай құю бекеттеріне, өнеркәсіп кәсіп-



орындарына, койма орындарына ерекше назар аударылады. Қадағалау органдары өкілдерімен бірлескен тексерулер ұйымдастырылып, соның барысында өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы анықталып, дер кезінде шара қолданылып, жойылуда.

Сонымен қатар, білім беру мекемелерімен тығыз ынтымақта мектеп оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілері үшін ашық сабақтар, конкурстар, өрт сөндіру техникасының қатысуымен практикалық сабақтар да өткізілуде.

Осындай алдын алу шараларының арқасында биылғы жаздың аптабы басталғалы Абай ауданында үлкен аумақты қамтыған өрт бола қойған жоқ. Тек Құлайғыр ауылдық округі мен бірді-екілі жерлерде тұтанған өрт ошақтары өршімей, уақытында сөндірілген. Демек, «Сақтансаң, сақтайды» деген сөздің шындығы да осында жатыр.

Абай ауданы

Суреттер
ұйымдастырушылардан



• ДӘСТҮР

Қайырымдылықты ту еткен

Ерге – ел, елге – ер қарайласқан жұртпыз. Осы күнде де қанымызға дарыған ұлттық қасиеттен ажырамай, жоқ-жітікке демеу болып, ел бесігі ауыл жұртына жәрдемдесіп жүрген қоғамдық һәм қайырымдылық қорлары жеткілікті. Солардың бірі де бірегейі – «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қоры. Ел ішінен шыққан сәулелі, талантты жастарға қолдау көрсетіп, ауылдағы ағайынның әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал етіп келеді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қоры 2003 жылы құрылған. Алғашқы Президенті – Арқаға ғана емес, жалпы Алаш жұртына есімі мәшһүр физик – ғалым, техника ғылымының докторы, профессор, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Университет ректорларының халықаралық ассоциациясының мүшесі Жамбыл Ақылбаев.

Қор әр 10 жыл сайын Көкбөрі Керней бабаның ұрпақтарын жиып, ауқымды ас өткізеді. Қор өткізетін астардың ерекшелігі – мұнда әдеттегідей ішіп-жеп, бөйге мен көкпар, басқа да ұлттық спорт түрлерін ұйымдастырумен шектелмейді. Шет ауданындағы ауылдардан шыққан дарынды, талапты, білімді жастарға қаржылай көмек көрсетеді. Сонымен қатар, сондағы мектептер мен ауруханалар секілді ауыл жұртына аядай қажет нысандарға демеушілік көрсетеді.

Алғашқы ас 2005 жылы өткен. Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі баба ұрпақтары жиналған. Тіпті, шетелдегі ұрпақтары да келген. 150 киіз үй тігілген. Сол кезде де

ұрпақтарынан қорға жиналған ақшаны ауылдардың әлеуетін жақсартуға бағыттаған. Ал, екінші ас 2015 жылы ұйымдастырылыпты.

«Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қоры әлемді COVID-19 эпидемиясы жаулағанда да тыс қалмаған. Пандемия елімізді де сырт айналып өтпеген еді. Аудандық және ауылдық ауруханаларда қажетті дәрі-дәрмек пен тыныс аппараттары жетіспей жатқан кезде дәл осы «Көкбөрі Керней баба» қоры 5 млн теңгеден астам қаражатқа қолдау көрсеткен. Қыруар қаражатқа аудандық ауруханаларға жасанды тыныс алу аппараттарын сатып алған. Көктемгі су тасқыны кездерінде де бір жарым млн теңгеден астам қаражатқа қиын жағдайға тап болған ауылдағы ағайынға қолдау көрсетті.

Бытырғы жылдың қараша айынан бастап, қордың басшылығына ел ақсақалдарының алқауымен елге белгілі кәсіпкер, меценат Ұлан Әбдіханов тағайындалыпты. Сол уақытқа дейін қор президенті қызметін Алашқа белгілі жазушы, этнограф Төрехан Майбас атқарған еді.

«Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қоры биыл да ас өткізбек. Қордың президенті

Ұлан Әбдіханов ас өтеді дегеннен бері қор тарапынан бірнеше қайырымдылық шаралары ұйымдастырылғанын айтып.

– «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорының басым бағыты – қайырымдылық пен игі істерді атқару. Мәселен, биыл өтетін астың аясында облыс аумағында орналасқан 4 ауылдық мешіттің әрқайсысына 500 мың теңгеден қаржылай көмек көрсетілді. Бұл қаражат мешіттің айналасын абаттандыруға, қажетті заттар алуға жұмсалады. Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы, Ақадыр, Ақшатау, Ақжал кентіндегі, Жұмыскер, Қайрақты ауылдарындағы озат оқушыларға, әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан әр түлекке, яғни, 26 оқушыға 100 мың теңгеден ақшалай сертификат берілді, – деді Ұлан Әбдіханов.

Қор тарапынан Шет ауданында орналасқан фельдшерлік-акушерлік бөлімнің біріне қажетті құралдармен жабдықталған жедел жәрдем көлігі сыйға тартылады. Ақжал кентіндегі әлеуметтік аз қамтылған, мұқтаж отбасына ас аясында пәтер кілтін табыстамақ. Ел Президенті Қасым-Жомарт

Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп бекіткен еді. Жыл аясында әдетте назардан тыс қалып жататын ауыр еңбек адамдары насихатталып жатыр. Қор қоғамдық қайырымдылық аста «Жұмысшы мамандықтарының жылы» және Металлургтер күні аясында «Нова Цинк» компаниясында жұмыс істейтін 5 азаматқа Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар беріп, құрмет көрсетпек.

Ауылдардағы инфрақұрылымды дамыту – сондағы ағайынның тұрмыс-тіршілігіне оң ықпалын берері анық. Қор қаражатына Ақжал кентіндегі Көкшағыр алаңындағы бір жарым шақырымдық бес көше асфальтталды. Қор өткізетін биылғы астың тағы бір ерекшелігін атап өткен жөн. Бұл күнде асқа жиналған қаражатты жөн-жосықсыз жұмсауды доғарып, игілікті істерге жұмсау мәселесі көтеріліп жүр. Бұны ел Президенті Ұлттық Құрылтайдың отырысында да көтерген еді. Президент «Біз балаларымызға берілетін астар мен түрлі тойларда оңды-солды қаражат шашуды доғаруымыз тиіс. Сол қаражатты ауылдағы мектеп пен аурухана және спорт нысандарын салуға бағыттаған абзал», – деген еді. «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қоры биылғы аста көкпар өткізбейді. Көкпарға жұмсалатын ақшаға, жоғарыда аталғандай, Шет ауданында орналасқан фельдшерлік-акушерлік бөлімнің біріне жедел жәрдем көлігі сатып алынып, табыс етіледі.

Ас этно-мәдени форматында өтеді. Яғни, 165 киіз үй тігіліп, аламан, құнан, топ бәйге ұйымдастырылады. Күрес, садақ ату, қошқар көтеру секілді ұлттық спорт түрлерінен спортшылар бақ сынайды. Сонымен қатар, «Жәдігер» колонер орталығының арнайы көшпелі көрмесі ұйымдастырылады. Қазақтың ұлттық спортынан бөлек, бірегей мәдениеті насихатталатын шаралар да бағдарламаға енгізілген.

Ас 25 шілде күні Ақжал кентінде Керней өнерпаздарының концертімен басталып, 26 шілдеге ұласады.

Сурет «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорынан

• ГРАНТ

Арман алдамайды

Теміртау қаласында ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды колонерге баулитын әлеуметтік жоба жүзеге асып жатыр. «Креативті инклюзия» деп аталатын бұл бастама мемлекеттік шағын гранттың арқасында өмірге келген. Жобаның авторы – шағын кәсіпкер, «Шебер-Теміртау» әлеуметтік колонер орталығының негізін қалаушы Наталья Воротынская.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Наталья Воротынская республикалық грант байқауында жеңіске жетіп, 1 миллион теңге көлеміндегі грантты ұтып алды. Осы қаражатқа ол Теміртауда тұратын ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін киіз басу, моншак тоқу, шам жасау, сабын пісіру сияқты колонер курстарын ұйымдастырып отыр. Бұдан бөлек, қатысушылар әлеуметтік желіде өнімдерін жарнамалау және сату дағдыларын да меңгеретін болады.

– Мен өзім – киіз басу шеберімін. 2016 жылы алғаш рет көру қабілеті бұзылған азаматтарға шеберлік курстарын өткіздім. Бастапқыда аздаған қиындықтар да болды. «Өрекет түбі – берекет» демекші, осы жоба арқылы ерекше қажеттіліктері бар жандардың да сапалы кәдесыйға арналған колонер бұйымдарын жасай алатынын дәлелдедім, – дейді Наталья Воротынская.

Орталықтың жұмысы бұған дейін де 2019 жылы «Қазақстанның үздік тауары» байқауында әлеуметтік жауапты кәсіпорын ретінде арнайы марапатқа ие болған.

«Креативті инклюзия» жобасы тек кәсіптік дағды беріп қана

қоймай, қатысушылардың қоғаммен байланысын күшейтуге, өзіне-өзі танытуға және табыс табуға жол ашады. Алдағы уақытта да осы жоба төңірегінде түрлі жәрмеңкелер ұйымдастыру жоспарланған. Осы мақсатта алынатын грант қаржысына 10 адамға арналған инклюзия инициативасын қолдайтын секілді жабдықтар сатып алынбақшы екен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында инклюзивті қоғам құрудың маңызын атап өтіп келеді. Ол бір сөзінде:

«Біз бірде-бір азаматты назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтарды қолдау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі», – деген еді.

Теміртаудағы бұл бастама сол міндеттің нақты көрінісі деуге болады.

Қарағанды облысынан биыл шағын грант иегері атанған бес жобаның бірі – осы «Креативті инклюзия». Жоба авторы алдағы уақытта қатысушылардың колонер бұйымдарын кең көлемде жандандырып, отандық нарыққа шығаруға ниетті. Бұл бастама ерекше жандардың қоғамға бейімделуіне және белсенді өмір сүруіне үлкен серпін бермек.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

«Адал азамат» алға жетелейді



(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның аясында 2580 кітаптың тізімі жасалды. Сонымен қатар, 2024 жылы мектеп оқушыларына цифрлық форматта әдеби шығармаларға қол жеткізуге мүмкіндік

беретін балалар кітапханасының онлайн-порталы іске қосылды.

Отансүйгіштік пен ұлттық бірегейлікті нығайту мақсатында мектептерде оқу аптасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаумен басталады.

– Президент атап өткен «Адал азамат» этикада елдің бірлігі, тұрақтылығы, азаматтардың өзара тілектестігі, әділдік, заң мен тәртіп, сенім және жауапкершілік сияқты құндылықтар үстемдік құруы қажет. Бағдарлама жастар-

дың бойында отансүйгіштік, әділдік, еңбекқорлық, экологиялық мәдениет сияқты құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Ол білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарының негізіне айналып, жас ұрпақты адалдық пен әділдікке тәрбиелеуді мақсат етеді, – дейді білім саласының ардагері Күлші Төлеуханова.

Үзілісте ұлттық ойындар ойнатылады

Тәрбиелік іс-шаралар мемлекеттік органдар, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат құрылымдарымен бірлесіп жүргізіледі. Ай сайынғы тақырыптар сабақ пен сыныптан тыс жұмыстармен байланысады. Әділдік, еңбекқорлық, патриотизм сынды құндылықтар оқу үдерісінің өзегіне айналады. Осы бағытта «Өнегелі 15 минут», күймен қонару соғу, ұлттық ойындар сынды жаңа форматтар енгізіледі. Оқушының мектептен тыс өмірлік тәжірибесіне де назар аударылады.

Сонымен қатар, балаларды буллингтен, құқықбұзушылық пен қауіп-қатерден қорғауға бағытталған «Цифрлық әлемде қауіпсіз кадам», «Буллингтен қорған!», «Қауіпсіз қоғам» жобалары жалға-

сын табады.

«Адал азамат» аясында көктемгі каникул уақытында да мектептерде үйірмелер мен секциялар жұмыс істеп, қосымша шаралар өтті. Балалар әр айдың үшінші жексенбісінде және каникул уақытында музейлерге тегін барды. Оған қоса, театрларда балаларға арналған қойылымдар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, «Қазақфильмнің» алтын қорындағы фильмдер мен анимациялық фильмдерді мәдениет және білім беру ұйымдарында тегін тамашалау мүмкіндігін жасады.

Жемісін берген алты жоба

Бұған дейін іске асқан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында экология және волонтерлік бағыттағы «Қамқор» жобасы аясында оқушылар қоғамға қызмет ету және әлеуметтік көмек көрсетуге талпынды. Ал, «Еңбегі адал – жас өренде» еңбекке баулу және мамандыққа бағдар берілді. IT және инновациялық ойлауды қолдауда «Smart Bala», өнер мен мәдениет арқылы рухани дамытатын, «Шабыт» жобалары өз нәтижесін берген. Кейінде ел оқушыларының пікірсайыс пен

зияткерлік ойындарға жиі қатысуынан «Ұшқыр ой алаңы» жобасының жүзеге асқанын байқауға болады. Алты ірі жобаның соңғысы «Балалар кітапханасы» – бүгінде балалардың оқу сауаттылығы мен кітап мәдениетін дамытуға ерекше үлес қосуда.

Сонымен бірге, бұл тізімге буллингтің, құқықбұзушылық пен балалар арасындағы қауіптің алдын алуға бағытталған «Цифрлық әлемде қауіпсіз кадам», «Буллингтен қорған!», «Қауіпсіз қоғам» жобаларын қосқан жөн.

– «Адал азамат» – еліміздің барлық мектептерінде біртұтас тәрбиелік орта қалыптастыруға бағытталған. Сыбайлас жемқорлықпен күрес отбасынан, балабақшадан, мектептен басталады. Қашанда адалдықты бірінші орынға қоюымыз керек. Адал азамат тәрбиелеу жүрекке иманның сәулесін себуден басталады. Баланың бойына адалдық, ізгілік, қайырымдылық сияқты қасиеттерді дарыту үшін алдымен тәрбиелеу керек. Ол үшін бірлескен үлкен күш керек, – дейді Қарағандыдағы №19 мектептің мұғалімі Айбек Клим.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ


Қарағанды облысының әкімдігі «Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Нұрлан Рахметуллинович Бикеновке орны толмас ауыр қаза – інісі **Алмас Доскенұлы СЕКЕРБАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы «Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Нұрлан Бикеновке орны толмас ауыр қаза – інісі **Алмас Доскенұлы СЕКЕРБАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалы «Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Нұрлан Бикеновке орны толмас ауыр қаза – інісі **Алмас Доскенұлы СЕКЕРБАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Saryarqa» телеарнасының ұжымы «Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Нұрлан Бикеновке орны толмас ауыр қаза – інісі **Алмас Доскенұлы СЕКЕРБАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы «Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Нұрлан Бикеновке орны толмас ауыр қаза – інісі **Алмас Доскенұлы СЕКЕРБАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• ФУТБОЛ

Жерлестер жеңіспен оралды

2016 жылы туған футболшылардан құралған қарағандылық «Скаут» командасы Қырғызстанда өткен Nitro Asian Cup турнирінде жеңіске жетті. Аталған турнир Ыстықкөл жағалауында өткен. Оған Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстаннан 17 команда қатысып, өзара бақ сынасты. Ал, қарағандылықтар барлық алты ойында жеңіске жетіп, турнирдің жеңімпазы атанды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жартылай финалда «Скаут» командасы Ташкенттің «Пахтакор» клуб академиясының шәкірттерін жеңген. Ал, ақтық бәсекеде алматылық «Қайрат» футбол академиясынан 3:0 есебімен басым түсті.

– Бүгінде клубта шамамен

500 бала жаттығады. Соның 300-і ArtSport бағдарламасы аясында тегін дайындалуда. Шәкірттеріміз үшін қуаныштымыз. Бізді үнемі қолдайтын ата-аналарға да мың алғыс. Клубтың басты жетістігі – ауызбіршілік. Яғни, біздің балалар алаңнан тыс бір-бірімен дос. Әрі сондай керемет аура қалыптасқан. Әр ойынға үлкен мақсат, сеніммен шығамыз. Алда бізді үлкен жары-

стар күтіп тұр. Сол турнирлерде де жеңіске жетеміз. Сол үшін дайындықты үзбейміз, – деді клубтың негізін қалаушы әрі жаттықтырушысы Федор Богатырев.

Айта кетейік, клубтың 2015 жылы туған ойыншылары ел чемпионы атанған еді.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• СУ СПОРТЫ

Мүмкін емес меже жоқ

Бақыт – біреуге кеш, біреуге ерте келеді. Өмір де солай. Ережесін өзіңнен сұрамайды. Баз-біреуге тәтті өмірді сыйласа, ал, біреуге керісінше... Ал, біз оны сынақ деп қабылдаймыз. Сол сынақтан өткен де бар, сүрінген де көп. Сондай сынақ қарағандылық 27 жастағы параспортшы Ақназар Мүтәліповтің де басынан өткен. Жұмыс барысында бір аяғы мен бір қолынан айырылып, ауыр кезеңді бастан кешкен. Қазір сол сынақты еңсеріп, мақсатына жету үшін күресуде. Бүгінде параспортшы Балқаш көлінің бір жағасынан қарсы беттегі жағасына дейінгі 20 шақырымдық қашықтықты тоқтаусыз жүзіп өтті. Осы аралықты 13 сағатта еңсеріп, көзсіз ерлік жасады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақназар мектеп бітіргеннен кейін теміржол саласында еңбек жолын бастаған. Алайда, 2018 жылы жұмыс барысында ауыр жарақат алып, салдарынан бір қолы мен бір аяғынан айырылды. Бірақ, жас жігіт тағдырдың сынағына сынған жоқ. Өзін қолға алып, жүзу спортымен айналысады. Негізі, жүзуге бала кезінен қызыққан екен. Десе де, кәсіби түрде шұғылданбапты. Осы жағдайға тап болғаннан кейін жүзуге бет бұрып, өмірін күрт өзгертті. Сөйтіп, осы бір спорттан жанына жұбаныш тапты. Кейін түрлі чемпионаттарға да қатысып, нәтиже көрсете бастады. Атап айтсақ, былтыр Таразда өткен ел чемпионатында 400 метрге еркін стильде жүзуден сынға түсіп, чемпион атанды. Сол жылы Бурабай көлін жүзіп өтіп, өз шеберлігін дәлелдеген болатын. Биыл «Спорт шеберлігіне үміткер» дәрежесіне қол жеткізіп, тағы бір белеске қадам басты.

– Өуелі Алла Тағаланың, одан кейін отбасым мен жақындарымның қолдауымен осындай сынақты еңсердім. Жақындарымның жанында ешқашан өзімді шектелген адамдай сезінген емеспін. Осы



үшін Жаратқанға және туған-туыстарыма шексіз алғысымды білдіремін. Сол бір ауыр сәтте өзімді жоғалтқан жоқпын. Керісінше, жүзумен айналысып, бойымдағы барлық қорқынышты, кедергілерді жеңдім. Биыл «Балқаш көлін жүзіп өтемін» деп алдыма мақсат қойдым. Осы арқылы «Бір қолы мен бір аяғы жоқ адам да үлкен қашықтықтарды бағындыра алады» деп өзіме, әрі бүкіл әлемге дәлелдегім келді, – деді параспортшы.

Сонымен қатар, параспортшы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында:

– Мен әлемдік рекорд орнатуға ұмтылып отырмын. Қазіргі таңда мен бұл жетістікті Гиннестің рекордтар кітабына ресми тіркеу үшін демеушілер іздеп жатырмын, – деп жазба қалдырған.

Сурет параспортшының әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Өнері өрге жүзді

Шымкентте өткен «Ұлы дала ұрпағы» атты республикалық өнер байқауына қатысқан нұралық «Шұғыла» би ансамблі Гран-при жеңіп алды. Сонымен қатар, ұжым жеті хореографиялық қойылым ұсынып, барлық ата-алым бойынша жүлдегер атанды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс атынан сынға түскен алты жастағы Нұрай Сайранова қазылар құрамын тәңті етті. Жекелей сында екі аталым бойынша өнер көрсетіп, I және II орынды қанжығалады. Сонымен қатар, ансамблдің арнайы дайындаған ұйғыр биі мен «Бабалар мұрасы» қазақша хореографиялық қойылымы Бас жүлде алды. Одан бөлек, ансамблдің дайындаған өзге де билері жүлделі орындар иеленді. Атап айтсақ, заманауи би – I орын, испан биі – II, ал, «Қара жорға» ұлттық қазақ биі – қола жүлде. Қазылар құрамы ансамбль ұсынған «Бабалар мұрасы» қойылымына арнайы әзірленген ерекше киім үлгісіне әрі өзгеше бас киімдерге тәңті болып, жоғары баға берген.

– Байқауға ұзақ дайындалдық. Әр нөмірге жанымызды салдық. Ең бастысы – еңбегіміз еленді. Байқау өте жоғары деңгейде өтті. Әр облыстан келген командалардың осалы жоқ. Кіл мықтылар. Соған қарамастан, біздің ансамбль жеңімпаз атанды, – деді ансамбль жетекшісі Нұрқұлан Хасымхан.

Байқау қорытындысы бойынша, балалар шығармашылығын дамытуға қосқан үлесі үшін Нұрқұлан Хасымханға «Үздік педагог» төсбелгісі табысталды. Енді жас өнерпаздар Алматыда өнер көрсетпек.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ЖӘДІГЕР

Сан ғасыр үніндей

Даланың рухымен тыныстайтын қазақ халқының ежелгі музыкалық аспаптарының бірі – ысқырып ойналатын флейталар тобына жататын сазсырнай. Бұл иленген саз балшықтан жасалып, күйдіріліп, бетіне өрнектер түсіріледі. Үрмелі аспап ұлттың терең тарихынан сыр шертеді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жуырда осындай бірегей жәдігер Нұра ауданының тарихи-өлкетану музейіне табысталыпты. Бұл – халқымыздың мәдени мұрасын сақтау мен қайта жаңғырту жолындағы маңызды қадам болып саналады.



– Сазсырнайдың сыртқы пішіні көбінесе жұмыртқа, тостаған немесе жануар түрінде болады. Үрлеп ойнайды, үстінде бірнеше ойық (дыбыс шығатын саңылауы) бар. Дыбысы жұмсақ, нәзік, сыбызғыға ұқсас. Қазіргі кезде этнографиялық ансамбльдерде, фольклорлық топтарда

кеңінен пайдаланылады.

– Музейге табысталған бұл сазсырнай – тек көне аспап емес, ұлттың жаны мен тарихының белгісі. Мұндай жәдігерлер жас ұрпақтың ата-бабаларына деген құрметін оятып, ұрпақтар арасындағы рухани тұтастықты нығайтады. Осы сынды мұраларды жинап, сақтап, зерттеу – ұлт алдындағы үлкен жауапкершілік. Сазсырнайды музей қорына табыстаушы Нұра ауданының тумасы, музыкант, қобызшы, нарқобызшы, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» халық музыка ансамблінің мүшесі Акерке Жөкен. Ол болашақта туған жеріндегі музейге ұлттық аспаптары қобыз бен нарқобыз табыстауға уәде берді, – дейді мекеменің қор сақтаушысы Анаргүл Нақыпова.

Сурет автордан

Қола дәуірдің қазынасы

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің археологтары Бұқар жырау ауданының аумағында орналасқан көне қоныс орнынан бірқатар құнды археологиялық олжа тапты. Төрткөл ауылының маңынан анықталған қоныс қос қатар тастан қаланған. Қабырғалары бар жартылай жертөле үлгісінде салынды. Сонымен қатар, қазба жұмыстары барысында геометриялық өрнектермен безендірілген қыш ыдыстардың сынығы мен жануарлардың сүйегі, тас бұйымдары, шақпақ тастан жасалған жебе ұшы мен металл пышақ табылған.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Археологтар керамикалық кешеннің сипаттамасы мен құрылыс ерекшеліктеріне сүйене отырып, нысанның Алакөл археологиялық мәдениетіне жататынын баса айтып отыр. Алдын ала деректер бойынша, қоныс

б.з.д. XVIII-XVII ғасырлар аралығына тиесілі екен.

– Алда қыш материалдарына техникалық-технологиялық талдау жасалып, нысанның нақты мерзімін анықтау үшін үлгілер радиокоміртекті зерттеуге жіберіледі. Қола дәуіріндегі қоныстарды жүйелі зерттеу – Орталық Қазақстан аумағындағы көне тұрғындардың шару-



ашылығы мен күнделікті тұрмысы туралы білімімізді кеңейтуге мүмкіндік береді, – деді Сарыарқа археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкин.

Айта кетейік, археологиялық зерттеулер облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен жүргізілді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

**ORTALYQ
QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары

Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары

Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдары сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 498

№78 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР